

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№8 Хаттамасы

Түркістан қаласы

18.04.2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы С.Абжалов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жарқынбаева, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Қыпшақбаев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы PhD., Қ.Қалдыбай, кафедра меңгерушілері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова және ОПК.

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспарын талқылау
2. ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шаралары туралы
3. Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру.
4. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы
5. Әр түрлі мәселелер

1-мәселе бойынша: Факультет деканы С. Абжалов сөз алып, Теология факультетінің оқытушы-профессорлар құрамының әдістемелік семинарларға қатысу белсенділігі мен сапасын талқылады. Семинарлардың оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттырудағы маңыздылығы атап өтілді. Сонымен қатар, факультет көлемінде әдістемелік тәжірибе алмасу, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу, оқу процесінде заманауи тәсілдерді пайдалану бағытында нақты ұсыныстар айтылды. Әр кафедраға әдістемелік семинарлардың жылдық жоспарын жасап, оқытушылардың қатысуы бойынша есептілікті жүйелі түрде жүргізу тапсырылды.

2-мәселе бойынша: Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жарқынбаева сөз алып, Теология факультетінің бағдарламалық және институционалдық аккредитацияның постмониторинг жұмыстарының орындалу барысы туралы баяндады. Мониторинг нәтижелері бойынша ББ сапасын арттыру бағытында атқарылған іс-шаралар мен алдағы жоспарлар талданды.

Кафедра меңгерушілері PhD., Д. Шауенов және PhD., Ф. Камалова өз кафедраларындағы жұмыстар туралы баяндап, оқу-әдістемелік құжаттардың жаңартылуы, пәндердің оқу бағдарламаларын жетілдіру және оқытушылардың кәсіби даму жоспарының орындалуы туралы мәлімет берді. Сонымен қатар, аккредитация көрсеткіштерін жақсарту үшін кафедралар арасында өзара тәжірибе алмасу және сапаны қамтамасыз ету жұмыстарының тиімділігін арттыру қажеттігі атап өтілді.

3-мәселе бойынша: Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жарқынбаева сөз алып, 2025–2026 оқу жылына білім алушылардың пәндерге тіркелу үдерісін ұйымдастыру барысын баяндады. Тіркеу жұмыстарының негізгі мақсаты – студенттердің жеке оқу траекториясын қалыптастыру, оқу жоспарындағы міндетті және таңдау пәндерін тиімді таңдауына мүмкіндік жасау екендігі атап өтілді.

Декан орынбасары пәнге тіркелу кезінде студенттердің академиялық кеңесшілермен жүйелі жұмыс жүргізуін, әр білім алушының оқу жүктемесін теңгерімді жоспарлауды және тіркеу кестесінің сақталуын қамтамасыз ету қажеттігін айтты. Сонымен қатар, тіркеу

кезінде ақпараттық жүйелердің дұрыс жұмыс істеуін бақылау және тіркеу үдерісінде туындаған мәселелерді жедел шешу бойынша кафедралармен өзара байланыс орнату тапсырылды.

4-мәселе бойынша: Кафедра меңгерушілері PhD., Д. Шауенов, PhD., М. Исаев және PhD., Ф. Камалова сөз алып, білім беру бағдарламалары бойынша оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алдындағы және басқа да практикалардың бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы баяндады.

Талқылау барысында практикалардың оқу бағдарламасымен өзара байланысы, мазмұндық құрылымы және практика базаларының сапасы қарастырылды. Студенттердің кәсіби тәжірибе барысында алған білімін нақты өндірістік және әлеуметтік ортада қолдану мүмкіндіктері талданды. Сонымен қатар, практика жетекшілерінің жауапкершілігін арттыру, есеп беру құжаттарын жаңарту және жұмыс берушілермен өзара ынтымақтастықты кеңейту қажеттігі атап өтілді.

Факультет деканы С. Абжалов практикаларды сапалы ұйымдастыру оқу үдерісінің маңызды бөлігі екенін атап өтіп, кафедралардан практика орындарын алдын ала келісу және студенттердің тәжірибе нәтижелерін уақытылы бағалау бойынша нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды.

5-мәселе бойынша (Әр түрлі мәселелер):

Факультет деканы С. Абжалов сөз алып, оқушылар арасында өтетін пәндік олимпиадаларға дайындық және кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырудың өзектілігіне тоқталды. Әр кафедраға өз мамандығы бойынша мектептермен байланыс орнатып, «Ашық есік күндері» мен ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізу тапсырылды. Сонымен қатар, мектеп оқушыларына арналған шеберлік сабақтары мен мотивациялық кездесулер өткізу арқылы теологиялық білімнің қоғамдағы маңызын таныту қажеттігі айтылды. Кәсіби бағдар жұмыстары аясында факультет беделін арттыру, талапкерлер арасында қызығушылық қалыптастыру мақсатында жүйелі іс-шаралар жүргізу міндеттелді.

Шешім:

1. 2024–2025 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспары талқыланып, қабылданған жоспардың уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету тапсырылсын.
2. Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар контингентін қалыптастыру және талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылсын. Әр кафедра өз мамандығы бойынша мектептермен, колледждермен және діни ұйымдармен бірлесе ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.
3. 2025–2026 оқу жылына пәндерге тіркелу үдерісін ұйымдастыру жұмыстары оқу процесінің академиялық күнтізбесіне сәйкес жүзеге асырылсын. Студенттердің пән таңдау барысында академиялық кеңесшілердің консультациялық қолдауы қамтамасыз етілсін.
4. Білім беру бағдарламалары бойынша оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алдындағы және басқа да практикалардың бекітілген талаптарға сай ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін. Практика базаларымен келісімшарттар уақтылы жасалып, студенттердің тәжірибе нәтижелері бойынша есептер уақытылы қабылдансын.
5. 2025 жылдың 22-23 сәуірінде Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Теология факультеті ұйымдастыруымен 11-сынып оқушылары арасында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінен VIII Республикалық «Дінтану және Теология» пәндік олимпиадасы ұйымдастырылсын. Әр кафедра тиісті ББ бойынша Кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілсін.

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Қ.Қалдыбай